

СӘТБАЕВ  
УНИВЕРСИТЕТІ



SATBAYEV  
UNIVERSITY

# ДОКТОРАНТУРА PhD



Сәтбаев университеті – БСҚА Ұлттық рейтингі бойынша Қазақстандағы № 1 техникалық жоғары оқу орны.





## Сәтбаев университетінде оқудың артықшылықтары:

- 👍 Оқу барысындағы белсенді ғылыми-зерттеу жұмыстары;
- 👍 Халықаралық алмасу және тағылымдамадан өту бағдармалары;
- 👍 Мықты ғылыми-зерттеу инфрақұрылымы;
- 👍 Шетелдік университеттермен ынтымақтастық аясында екі ғылыми кеңесшімен жұмыс істеу;
- 👍 Сіздің талаптарыңызға сай келетін еркін оқу түрі. Аттестаттау және емтихандар кезіндегі байланыс сағаттарын ескере отырып, білім алуға және курстарға қол жетімділік қашықтықта оқу форматта жұмыстан қол үзбей Blended Learning бойынша оқу мүмкіндігі;
- 👍 Сіздің компанияңыздың сұранысы бойынша оқу бағдарламасын жаңарту мүмкіндігі.

## Сәтбаев университетінде 2022-2023 оқу жылына докторантураға түсуге қойылатын талаптар:

- ✓ Докторантураға «магистр» дәрежесі және кем дегенде 9 (тоғыз) ай еңбек өтілі бар тұлғалар қабылданады;
- ✓ Докторантураға қабылдау – қабылдау емтихандарының нәтижелері бойынша конкурстық негізде жүзеге асырылады;
- ✓ Сәтбаев университетіне ақылы негізде оқуға шетелдік азаматтарды қабылдау – күнтізбелік жыл ішінде Сәтбаев университетінің қабылдау комиссиялары немесе ғылыми ұйымдар өткізген сұхбат нәтижелері бойынша жүзеге асырылады. Академиялық күнтізбеге сәйкес шетелдік азаматтар келесі академиялық кезең басталғанға дейін 5 (бес) күн бұрын қабылданады;
- ✓ Шетелдік білім беру ұйымдары берген білім туралы құжаттар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 10 қаңтардағы №8 бұйрығымен бекітілген Білім туралы құжаттарды тану және нострификациялау ережесіне сәйкес заңнамада белгіленген тәртіппен танылады немесе нострификацияланады (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5135 болып тіркелген);
- ✓ Докторантураға түсушілердің өтініштерін қабылдауды Сәтбаев университетінің қабылдау комиссиялары және (немесе) Ұлттық тестілеу орталығының ақпараттық жүйесі (бұдан әрі – «ҰТО») арқылы келесі мерзімде жүргізеді:
  - 1) күнтізбелік жылдың 3 шілдесінен 3 тамызына дейін;
  - 2) күнтізбелік жылдың 5 қарашасынан 18 қарашасына дейін;
- ✓ Докторантураға білім беру бағдарламаларының топтары бойынша түсу емтихандары келесі мерзімдерде өткізіледі:
  - 1) күнтізбелік жылдың 4 тамызынан 20 тамызына дейін;
  - 2) күнтізбелік жылдың 19 қарашасынан 11 желтоқсанына дейін.
- ✓ Қабылдау:
  - 1) күнтізбелік жылдың 28 тамызына дейін;
  - 2) күнтізбелік жылдың 10 қаңтарына дейін.



# Сәтбаев университетіне докторантураға түсу үшін:

- 1 <https://satbayev.hero.study/> сайтына онлайн режимде тіркелу қажет;
  - 2 Оператор растағаннан кейін Сәтбаев университетінің қабылдау комиссиясына келесі құжаттарды тапсыру қажет:
    - ✓ Өтініш (бекітілген нысанда);
    - ✓ Жоғары білім туралы құжат (түпнұсқа, құжаттарды қабылдау комиссиясына тапсырған кезде);
    - ✓ Жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
    - ✓ Кадрларды есепке алу жөніндегі жеке іс парағы және еңбек қызметін растайтын құжат (еңбек өтілі бар тұлғалар үшін);
    - ✓ Ғылыми және ғылыми-әдістемелік жұмыстардың тізімі (кемінде тоғыз ай бұрын);
    - ✓ 3x4 сантиметр көлеміндегі алты фотосурет;
    - ✓ № ҚР ДСМ 175/2000 бұйрығымен бекітілген флюорографиясы бар 075-У нысанындағы медициналық анықтама;
    - ✓ Уәждемелік хат (кемінде 250 сөз, Times New Roman 14 шрифт, интервал 1,5).
-  **Мемлекеттік тілді меңгергендігін растайтын Казтест <http://kazakhtest.kz/> (ҰТЦ) сертификаты.**
-  **Шетел тілін меңгерудің жалпы еуропалық құзыреттеріне (стандарттарына) сәйкес шетел тілін меңгергенін растайтын халықаралық сертификат (қолданыстағы сертификат)\*;**

## \*Ағылшын тілі:

- ✓ **IELTS/** International English Language Test System Academic, шекті балл – кемінде 5,5;
- ✓ **IELTS INDICATOR**, пороговый балл – кемінде 5,5;  
Test of English as a Foreign Language Institutional Testing Program
- ✓ **(TOEFL ITP)**, шекті балл – кемінде 460\*\*;  
Test of English as a Foreign Language Institutional Testing Program Internet-based Test (TOEFL IBT), шекті балл – кемінде 46;
- ✓ **TOEFL PBT** (Test of English as a Foreign Language Paper-based testing), шекті балл – кемінде 453.

\*\* Сертификаты бар тұлғалар (TOEFL IBT (Test of English as a Foreign Language Institutional Testing Program) докторантураға түсу емтиханы басталғанға дейін ағылшын тілін білуге арналған қосымша тестілеуді тапсырады. Ағылшын тілін білуге арналған қосымша тестілеудің тест тапсырмаларының саны 100 сұрақты құрайды. Максималды балл-100 балл. Ағылшын тілін білуге арналған қосымша тестілеу «рұқсат беру» немесе «рұқсат бермеу» нысанында бағаланады. «Рұқсат» бағасын алу үшін кемінде 75 балл жинау қажет. ҰТО ағылшын тілін білуге арналған қосымша тестілеуді білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындаған ұйымдарда өткізеді. Ағылшын тілін білуге арналған қосымша тестілеуді тапсыру күні, уақыты және орны оқуға түсушілердің назарына олардың жеке кабинеті арқылы жеткізіледі.

-  Ұсынылатын сертификаттардың түпнұсқалығын және қолданылу мерзімін Сәтбаев университетінің қабылдау комиссиясының қызметкерлері тексереді.
-  Осы тармақта көрсетілген құжаттардың көшірмелерімен бірге, оқуға түсушінің қатысуымен жүргізілетін салыстыру үшін, олардың түпнұсқалары ұсынылады. Салыстырып, тексеру жүргізілгеннен кейін құжаттардың түпнұсқалары қайтарылады.

## Сәтбаев университетіне докторантураға қабылдау емтихандарын өткізу процесі:



Satbayev University негізінде: сұхбаттасу



Компьютерлік форматтағы докторантураға түсу емтиханы мыналардан тұрады:

1) эссе жазу;

2) докторантурада оқуға дайындығын анықтауға арналған тест (бұдан әрі – «ОДТ»);

3) білім беру бағдарламасы тобының бейіні бойынша емтихан сұрақтарына жауаптар.

Қорытынды баға эссені бағалау, докторантурада оқуға дайындығын анықтауға арналған тест, білім беру бағдарламасы тобының бейіні бойынша емтихан сұрақтарына жауап нәтижелерін жинақтау арқылы алынған балдардың жиынтығын білдіреді.



Докторантураға түсу емтиханына 4 сағат (240 минут) бөлінеді, оның ішінде:

- докторантурада оқуға дайындығын анықтауға арналған тестке – 50 минут;

- білім беру бағдарламасы тобының бейіні бойынша эссе және емтихан сұрақтарына жауаптар жазуға – 190 минут (3 сағат 10 минут).



Қабылдау емтиханын компьютерлік форматта бастау үшін оқуға түсушіге:

1. Логинді көрсету;

2. Құпия сөзді көрсету;

3. Адам бетінің көлемдік-кеңістіктік формасының сканері арқылы авторлану;

4. Докторантураға түсу емтиханын компьютерлік форматта өткізу қағидаларымен танысу;

5. Түсу емтиханы туралы деректердің дұрыстығын растау;

6. «Кіру» батырмасын басқаннан кейін түсу емтиханын тапсыруға кірісіңіз.



Қабылдау емтихандарының нәтижелері қабылдау емтихандарын өткізгеннен кейін келесі күні жарияланады.



Қабылдау емтиханының және (немесе) апелляцияға өтінішті қараудың нәтижелері бойынша (апелляцияға өтініш берген жағдайда) докторантураға түсушіге электрондық сертификат беріледі, ол ҰТО сайтында жарияланады және докторантураға түсушінің жеке кабинетіне жіберіледі.



Оқуға түсу емтиханының электрондық сертификаты ҰТО сайтында расталады.



4-20 тамыз аралығында өткізілген қабылдау емтиханының сертификаты ағымдағы күнтізбелік жылдың 1 желтоқсанына дейін жарамды.



19 қараша мен 11 желтоқсан аралығында өткізілген қабылдау емтиханының сертификаты келесі күнтізбелік жылдың 1 наурызына дейін жарамды.